



Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2025 ж.

"КазТрансОйл" акционерлік қоғам, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады және төмендегідей келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды. Жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерді, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, тауардың шығарылған жерінің атауын және өндірушінің атауын, сондай-ақ төмендегі жағдайларды: 1) жете жинақтау, жете жарактандыру, біріздендіру немесе қолда бар тауарлармен, жұмыстармен және көрсетілетін қызметтермен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ одан әрі техникалық сүйемелдеу, сервистік қызмет көрсету және жөндеу, оның ішінде негізгі (орнатылған) жабдықты жоспарлы жөндеу (қажет болған кезде) үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу; 2) Тапсырыс беруші өзі өнім беруші ретінде Қазақстан Республикасының бейрезидентімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерді орындауы үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алған және осы Шартта тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттеріне, пайдалы модельдеріне, өнеркәсіптік үлгілеріне, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушіге не өндірушіге тиесілігін айқындайтын өзге де мәліметтерге және (немесе) құжаттарға тиісті нұсқаулар болған жағдайларды қоспағанда, сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін көрсететін өзге де мәліметтерді және/немесе құжаттарды көрсетуге жол берілмейді:

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі - Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырысшы Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптары негізінде орындалған Жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Тапсырыс берушінің жұмыстарға қойылатын көлемі, мерзімі және техникалық талаптары Шартқа №№1,2 қосымшаларда баяндалған.

1.3. Шарттың мәтіні бойынша «жергілікті мазмұн» термині елішілік құндылық үлесінің көрсеткішіне қолданылады және көрсетілген терминдер бірдей болып табылады.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

2.3. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

2.3.1. Шарттың 2.4, 2.9 және 2.10-тармақтарында көрсетілген.

2.4. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:


2.4.1. Электрондық құжат нысанында Шарттың (электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - Жүйе) соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен қоса беріледі) аясында орындалған Жұмыстардың бүкіл көлемі үшін жергілікті қамту үлесін есептеу;

2.4.2. Шот-фактура;

2.4.3. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (түпкілікті төлем кезінде).

2.5. Орындалған жұмыстар актісі орындалған жұмыстар актісі нысанында (қағаз жеткізгіште, Р-1 нысаны) ресімделеді.

2.6. Жергілікті қамту үлесін есептеу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі №260





бұйрығымен бекітілген Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде ұйымдардың елішілік құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесіне (бұдан әрі – бірыңғай әдістеме) сәйкес жергілікті қамту бойынша есеп нысанында ресімделеді. шарт бойынша.

2.7. Мердігер заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Электрондық түрде Веб-порталда Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

2.8. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш берумен/қол қоюмен байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

2.9. Орындалған жұмыстар үшін ақы төлеуді Тараптар орындалған жұмыстарды тапсыру-қабылдау актісіне қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Орындаушының есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен Тапсырыс беруші Шарт бағасының 100% (жүз пайызы) мөлшерінде жүргізеді.

2.10. Түпкілікті есеп айырысу Мердігер Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін, тапсырыс берушіде Орындалған жұмыстардың сапасы мен мерзіміне наразылықтар болмаған кезде Тапсырыс беруші мердігерден Шарттың 2.4-тармағында санамаланған тиісті түрде ресімделген құжаттарды, сондай-ақ орындалған жұмыстар мен жүргізілген төлемдер бойынша өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісін алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізіледі бірыңғай әдістемеге сәйкес орындалған жұмыс көлемінде жергілікті қамту бойынша есеп беру.

2.11. Мердігер тарапынан Шарттың 2.4-тармағында көзделген құжаттар ұсынылмаған не тиісінше ресімделмеген жағдайда, Тапсырыс беруші мердігердің жетіспейтін құжаттарды беруіне (құжаттарды ресімдеудегі бұзушылықтарды жоюға) дейін шарт бойынша ақы төлеуді жүзеге асырмауға құқылы. Мұндай жағдайда шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші мердігер жетіспейтін (тиісті түрде ресімделген) құжаттарды ұсынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізеді.

2.12. Егер мердігердің шарт немесе тапсырысшы мен мердігер арасында жасалған өзге де басқа шарттар шеңберінде Тапсырысшы алдында берешегі болған жағдайда, осы шарттар арасында бар берешектерді өзара есепке алу жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда шарт бойынша орындалған жұмыстарға ақы төлеу өзара берешектерді ішінара өтеу тәртібі туралы келісімге қол қоймай, өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоя отырып, мердігердің бар берешегін шегере отырып жүргізілетін болады.

2.13. Шарт бойынша төлем теңгемен жүргізіледі.

3. Жұмыстарды орындау мерзімдері, шарттары және орны

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, талаптары, көлемі және орны Шартқа №1 және №2 қосымшалармен және Шартқа қол қойылғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тараптармен келісілген жұмыстарды жүргізу кестесімен айқындалады. Жұмыстарды жүргізу кестесі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

3.2. Тапсырыс беруші жұмыстарды Шартқа №1, №2 қосымшаға сәйкес орындалған жұмыстар актісіне сәйкес көлемі мен сапасы бойынша қабылдайды. Тапсырысшының Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойған күні жұмыстарды орындау күні болып есептеледі.

3.3. Техникалық ерекшелік (№2 қосымша) № 1 қосымшада көрсетілген сатып алынатын жұмыстар тізбесіне қатысты бөлігінде қолданылады. № 1 қосымшада көрсетілмеген техникалық ерекшелік лоттары Шартқа қолданылмайды.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Мердігер міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

4.1.2. Орындалған жұмыстарды Шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстардың актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беруге;

4.1.3. Жұмыстарды осы Шарттың талаптарына сәйкес тиісті түрде және мерзімдерде, сондай-ақ Шартта және оған қосымшаларда көзделген талаптарда толық көлемде орындау;

4.1.4. Тапсырыс берушіге соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен бірге Шарт аясында орындалған Жұмыстардың көлемі бойынша жергілікті қамту үлесінің есебін электрондық құжат түрінде беру (Жүйеде беріледі).

4.1.5. Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушімен анықталған Жұмыстарда кемшіліктерді жою.

4.1.6. Жұмыстардағы жергілікті қамту үлесі бойынша берілетін ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру. Жергілікті қамту үлесі бойынша жалған ақпарат берген жағдайда мердігер тәртіп пен Шартқа сәйкес жауапты болады.





4.1.7. Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушіге келісу үшін Жұмыс жүргізу кестесін ұсыну қажет.

4.1.8. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде мердігер өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында белгіленген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар үшін, оның ішінде мердігер жұмыскерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігі үшін Тапсырыс беруші мен бақылаушы мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болу.

4.1.9. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз жұмыскерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ мердігер жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған орта саласындағы заңнамасын сақтауы тұрғысынан тұрақты түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізуге міндетті.

4.1.10. Мердігердің кінәсінен Тапсырыс берушінің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасы мен ішкі құжаттарының талаптарын сақтамауына байланысты туындаған мемлекеттік органдар мен өзге де заңды және жеке тұлғалар тарапынан қойылған шағымдарға, сот талап-арыздарына, айыппұлдарға байланысты шығыстар мен залалдарды Тапсырыс берушіге толық өтеу.

4.1.11. Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын мердігердің, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлерінің қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсіту жағдайларына жол бермеу.

4.1.12. Тапсырыс берушінің талабы бойынша шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған мердігер мен оның қосалқы мердігерлері қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы олардың азаматтығы мен әрбір лауазым бойынша төленген жалақы сомасын көрсете отырып ақпарат беру.

4.1.13. Тапсырыс берушінің талабы бойынша шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған мердігер мен оның қосалқы мердігерлері қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге байланысты мәселелер бойынша өзге де қосымша ақпарат пен құжаттар беруге.

4.1.14. Орындалған жұмыстар актісіне екі тарап қол қойған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы актіні жүйеде орналастырсын және Тапсырыс берушіге жүйеде қалыптастырылған осы актіге ілеспе хатты жіберсін. Мердігер осы талапты бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші осы талап орындалғанға дейінгі кезеңге Шарттың 8.6-тармағының 8.6.1-тармақшасында көзделген төлемді кешіктіргені үшін жауапкершіліктен босатылады.

4.1.15. Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың мердігермен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып, шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпарат ұсынуға міндетті. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркеу мәніне тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.16. Жұмысты білікті мамандармен орындау. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушімен келісім бойынша баламалы мамандарды ауыстыруға құқылы.

4.1.17. Қажетті материалдар мен мүлікті жұмыстарды орындау орнына тасымалдауды және оларды өз қалауы бойынша және өз есебінен және тәуекелмен әкетуді жүзеге асыру.

4.1.18. Егер жұмыс орындау және көрсету кезінде тауарларды сатып алу, қор операторы бекіткен "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының келісімі бойынша сатып алу жөніндегі тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесіне енгізілген жағдайда, жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу, сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алу қажет.

4.2. Тапсырыс беруші міндетті:

4.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстарды қабылдауға.


4.2.2. Мердігерден Орындалған Жұмыстардың актісін алған күннен кейін 10 (он) жұмыс күн ішінде шағымдар болмаған жағдайда Орындалған Жұмыстардың актісіне қол қоюға.

4.2.3. Кемшіліктер болған жағдайда Шарттың 4.2-тармағының 4.2.2-тармақшасында көрсетілген мерзімде орындалған жұмыстарды қабылдаудан дәлелді бас тартуды Жолдау. Орындалған жұмыстарда кемшіліктер болған жағдайда оларды жою мерзімін көрсете отырып, кемшіліктер тізбесі мердігерге жіберіلسін.

4.2.4. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (дерді) жасау.

4.2.5. Жүйеде қалыптастырылған, орындалған жұмыстар актісіне ілеспе хатты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қою Zakup.sk.kz.

4.3. Мердігер құқылы:





4.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (терді) талап етуге.

4.3.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және орындалған Жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап етуге;

4.3.3. Тапсырыс берушіден өсімпұлдың, айыппұлдың және залалдың сомасын төлеуді талап етуге;

4.3.4. Тәртібінде және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу;

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Мердігерден қойылған өсімақы, айыппұл және шығындар сомасын төлеуді талап етуге.

4.4.2. Шарттың құнын тиісті түрде азайта отырып, Жұмыстарды немесе Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртібінде және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға. Тапсырыс берушінің Мердігерден Жұмыстардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

4.5. Шарттың қосымша талаптары, тараптардың құқықтары мен міндеттері техникалық ерекшелікте белгіленуі мүмкін (Шартқа №2 қосымша).

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Орындалған Жұмыстарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі Жұмыстарды қарап шығу жолымен және Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Орындалған Жұмыстардың тиісті емес көлемі мен сапасы мәселелері бойынша хабарламаны Тапсырыс беруші жұмыстарды қабылдап алғаннан кейін анықталған кемшіліктер, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес кемшіліктер (жасырын кемшіліктер) анықталған кезден бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жібереді. Егер Мердігер Тапсырыс берушінің хабарламасына 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай хабарлама Мердігермен мойындалған болып есептеледі және Мердігер өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен хабарлама алған кезден бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде хабарламада көрсетілген барлық ескертулер мен кемшіліктерді жоюға міндеттенеді.

5.4. Егер жұмыстардағы кемшіліктерді (ақауларды) жою бойынша кідіріс мердігердің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Мердігер жұмыстардың сапасына жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға кепілдік береді. Мердігер осы Шарт бойынша орындалған жұмыстардың Тапсырысшы жұмыстарды қалыпты пайдаланған кезде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктері (ақаулар) болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Мердігер орындалған Жұмыстардың соңғы Актісіне қол қойылған күннен бастап 12 ай белгілеген кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардың сапасына кепілдік береді.


6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардағы кемшіліктер (ақаулар) анықталса немесе олар Шарт талаптарына сәйкес келмесе, Мердігер Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап жұмыс күні ішінде 30 (отыз) кемшіліктерді (ақаулар) өз есебінен жоюға міндеттенеді. Жұмыстардағы жойылған кемшіліктерді (ақаулар) кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен басталады. Жұмыстардағы кемшіліктерді (ақаулар) жою жөніндегі барлық шығындарды Мердігер көтереді.

6.4. Егер жұмыстардағы кемшіліктерді (ақауларды) жою бойынша кідіріс мердігердің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.5. Мердігер Тапсырыс берушіге мердігер дайындаған РП негізінде жұмыстардың орындалуына кедергі жасау немесе шектеу құқығының болмауына кепілдік береді.

6.6. Кемшіліктерді белгілейтін актіні жасауға, оларды жою тәртібі мен мерзімдерін келісуге қатысу үшін Тапсырыс беруші анықталған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей мердігерге өз өкілін жіберу ұсынысымен жазбаша хабарлама жіберуге міндетті. Мердігердің өкілі Тапсырыс берушінің хабарламасын алғаннан кейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей келуге міндетті (егер хабарламада өзге мерзім көрсетілмесе). Бұл жағдайда кепілдік мерзімі тиісінше кемшіліктерді жою кезеңіне ұзартылады.

6.7. Мердігердің өкілі хабарламада көрсетілген мерзімде келмеген не мердігер оларды растау үшін кемшіліктерді белгілейтін актіні жасаудан немесе оған қол қойудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші бір жақты актіні жасайды.





6.8. Кемшіліктерді белгілейтін актіде көзделген мерзімдерге сәйкес кемшіліктер уақтылы жойылмаған кезде, ал мердігердің өкілі біржақты актімен келмеген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбы ретінде мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% – ына барабар, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын соманы төлейді.

7. Лицензия (сертификат)

7.1. Мердігер жұмыстарды орындау үшін қажетті қызмет түрлеріне, материалдарға, жабдықтарға, жиынтықтаушы бұйымдарға лицензиялар (сертификаттар) алуға байланысты барлық шығыстарды көтеруге міндеттенеді.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Мердігердің жауапкершілігі:

8.2.1. Мердігер Шартта айтылған жұмыстарды орындау мерзімдерін негізсіз кешіктірген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге уақтылы орындалмаған жұмыстар құнының 0,01% - ы мөлшерінде, кешіктірудің әрбір күнтізбелік күні үшін, бірақ уақтылы орындалмаған жұмыстардың жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

8.2.2. Мердігер Шарт талаптарына сәйкес жұмыстарды қабылдағаннан кейін анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбы ретінде мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0.01% - ына барабар, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын соманы төлейді.

8.2.3. Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген нысан бойынша Жұмыстарда жергілікті қамтудың үлестің нақты есебін бермеген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% артық емес мөлшерде әр кешіктірілген күн үшін Шарттың сомасынан 0,1% мөлшерінде айыппұлды төлейді;

8.2.4. Мердігер жұмыстарды жүргізу кестесінде айтылған жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін уақтылы орындалмаған жұмыстар құнының 0.01% мөлшерінде өсімпұл ұсынуға құқылы;

8.2.5. Мердігер Шартта айтылған өзге де міндеттемелерді орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,01% - ы мөлшерінде өсімпұл ұсынуға құқылы.

8.2.6. Мердігер Тапсырыс берушіге әкімшілік айыппұлдарды төлеу және қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу жөніндегі шығындарды, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган Тапсырыс берушіге ұсынған мөлшерде, сондай-ақ Тапсырыс берушінің Шартты орындау кезінде мердігердің қоршаған ортаны қорғау жөнінде белгіленген талаптарды бұзуы салдарынан туындаған өзге де залалдарын өтейді.


8.2.7. Мердігердің СТ ҚТО-2.005-2023 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар» деген бөлімде өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және өрт қауіпсіздігі саласындағы талаптар, сондай-ақ Шарттың 15-бөлімі бөлігінде Мердігер Тапсырыс берушіге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 3 (үш) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Нормаларды әрбір қайталап бұзғаны үшін СТ ҚТО-2.005-2023 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар» деген бөлімде өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және өрт қауіпсіздігі саласындағы талаптар, сондай-ақ Шарттың 15-бөлімі бөлігінде Мердігер Тапсырыс берушіге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 6 (алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.2.8. Мердігер мен оның қосалқы мердігерлері Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саласында кемсіту жағдайларына жол бергені үшін Мердігер Тапсырыс берушіге әрбір жағдай үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 3 (үш) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.2.9. Шарттың 8.2-тармағының 8.2.1, 8.2.4 және 8.2.5-тармақшаларында көзделген өсімпұлдың жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% - ынан аспауға тиіс.

8.2.10. Шарттың 4.1-тармағының 4.1.20-тармақшасында көрсетілген норма орындалмаған жағдайда мердігер міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады, оны мердігер төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстарды қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге Тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

8.3. Мердігер Тапсырысшының шарт бойынша мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырысшыға тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.





8.4. Шарттың 12-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 10% - ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.5.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) негізсіз кідірілген жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге берешек сомасының 0,01% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ берешектің жалпы сомасының 10% - нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс. Бұл ретте мердігер шарттың 2.4-тармағының және 4.1-тармағының 4.1.16-тармақшасының талаптарын бұзған жағдайда Тапсырыс беруші төлемді кешіктіргені үшін жауапкершіліктен босатылады;

8.5.2. Тапсырысшы орындалған жұмыстар актісіне қол қояды негізсіз кідірткен жағдайда, мердігер Тапсырысшыдан әрбір күнтізбелік күн үшін орындалған жұмыстар актісі сомасының 0,01% - ы мөлшерінде, бірақ орындалған жұмыстар актісінің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

8.6. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші орнатылған тәртіпте Қордың сенімсіз жеткізушілерінің тізіліміне Мердігер туралы мәліметтерді енгізу үшін Сатып алу бойынша қордың Операторына ақпаратты жібереді.

8.7. Өсімпұл және/немесе айыппұл төлеу үшін Тапсырыс берушінің мердігерге қойған талабы орындалған Жұмыстар үшін ақы төлеу және өсімпұл және/немесе айыппұл төлеу бойынша біркелкі қарсы талаптарды есепке жатқызуды жүргізу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізіледі. Мердігер есептелген өсімпұл және /немесе айыппұл сомасымен келіспеген және/немесе оларға салыстыру актісіне қол қоймаған жағдайда, Шарттың 2.4-тармағында көзделген түпкілікті есепті Тапсырыс беруші осы құжатты ұсынбай жүргізеді.

8.8. Тапсырыс беруші шарт бойынша Мердігерге тиесілі төлемнен өсімпұл және/немесе айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

8.9. Өсімпұлдарды және/немесе айыппұлдарды төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

8.10. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуден басқа, кінәлі Тарап екінші Тарапқа жоғалған пайданы қоса алғанда, тұрақсыздық айыбымен (айыппұлдармен, өсімпұлмен) жабылмаған залалдарды өтейді.

8.11. Өсімпұлды / айыппұлды төлеуді Тараптар басқа Тараптан тиісті талапты алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде жүзеге асырады.

8.12. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттерді орындаудан босатпайды.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібінде сәйкес енгізіледі.

9.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

9.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

9.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағында көзделген;

9.3.2. Мердігер өз міндеттерін бұзған жағдайда;


9.3.3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығына байланысты;

9.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

9.3.3.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда алқалы атқарушы органның/Байқаушы кеңестің шешімі негізінде (Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органы/басқару органының/жоғары органының Байқаушы кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда). Жұмыстардың орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырысшы мердігерге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

9.4. Егер «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу бойынша өкілетті органы сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші шарттан біржақты тәртіпте бас тарта алмайды. Мұндай жағдайда шартты ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Шартты бұзу күніне қарай нақты шығындарды төлеу шартымен Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзуға болады.

9.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кесірінен бұзылса, Мердігер Тапсырыс берушіден Шартты тиісті түрде орындамау нәтижесінде пайда болған шығындарды және залалдарды, сонымен қатар өсімпұл мен айыппұл сомаларын өтеуді талап етуге құқылы.





9.6. Қандай да бір Тараптың атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген, банктік және басқа да деректемелері өзгерген (толықтырылған) жағдайда, ол бұл туралы басқа Тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті. Мұндай өзгерістер (толықтырулар) жазбаша хабарламаны алған күннен бастап не осындай хабарламада көрсетілген күннен бастап, бірақ хабарлама күнінен бұрын емес, екінші Тарап үшін жарамды болып есептеледі. Бұл жағдайда Тараптардың Шартқа қосымша келісімге қол қоюы талап етілмейді.

9.7. Шарттан біржақты бас тартудың кез келген жағдайында Тапсырыс беруші тарапынан мердігерге тиісті хабарлама Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс және онда шартты бұзу күні болуға тиіс. Тапсырысшы Шартты орындаудан біржақты бас тартқан кезде мердігердің Шартты орындаудан біржақты бас тартқан күнге нақты көрсетілген Жұмыстар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар;

9.8. Тараптардың бірі шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде Тараптар Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

10. Хат-хабар

10.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктіругіз жүзеге асырылады.

10.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

10.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

10.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

10.5. Факс бойынша, Электрондық поштаның немесе оның жеткізілуін тіркеуді көздейтін өзге де телекоммуникациялық байланыс құралдарының көмегімен жіберілген хат-хабар Шарттың 10.3-тармағының талаптары сақталған кезде ол жолданған Тарапқа берілген күні (сағатта) жеткізілген болып есептеледі.

10.6. Тараптар Шарт бойынша хат-хабар алмасу үшін бір-біріне өзге де мекенжайларды (мекенжайларды) хабарлай алады.

11. Шарттың мерзімі

11.1. Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу, сондай-ақ Шарттың 6 және 16-бөлімдерде көзделген міндеттемелерді олар толық аяқталғанға дейін өтеуі тиіс.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған кезде Тараптардың кез келгені олар туындаған күннен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде екінші Тарапқа осы жағдайлардың туындағаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Осы мән-жайларды Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы немесе өзге де уәкілетті ұйымы растауға тиіс.

12.2. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты шарт бойынша міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

12.3. Егер Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындай алмауы екі айдан асатын болса, онда Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуға құқылы болады.

12.4. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының (жер сілкінісі және басқа да дүлей зілзалалар, жұмыстарды орындауға тыйым салатын мемлекеттік органдардың құқықтық актілер және/немесе өзге де шешімдер шығаруы) салдары болып табылса, осы мән-жайлар Тараптардың кез келгенінің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеген жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

12.5. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайлары болған, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдарлар болған уақытқа мөлшерлес кейінге шегеріледі.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

13.2. Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, даулар мен





келіспеушіліктер Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша сотта қаралуға жатады.

13.3. Тараптардың Шартпен реттелмеген өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Тәртібімен реттеледі.

13.4. Осы бөлімнің ережесі Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына қарамастан қолданылады.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды қамтамасыз ету

15.1. Мердігер:


15.1.1. Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыстарды орындау кезінде өз жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, "азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормалар мен қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауын қамтамасыз ету;

15.1.2. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқау беруді және білімдерін тексеруді, өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша өз қызметкерлерін кәсіби даярлауды, қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды, Қазақстан Республикасында қолданыстағы талаптарға сәйкес өз қызметкерлеріне өртке қарсы нұсқаулықтар мен өрт-техникалық минимум бойынша сабақтар өткізуді қамтамасыз ету;

15.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ еңбек жағдайлары өзгерген басқа жұмысқа ауыстыру кезінде не кәсіптік аурудың белгілері пайда болған кезде қызметкерлерді міндетті, мерзімдік (қызметкерлердің еңбек міндеттерін жүзеге асыру кезеңінде) медициналық қарап-тексеруден және ауысым алдындағы медициналық куәландырудан меншікті қаражаты есебінен қамтамасыз ету;

15.1.4. өз қызметкерлеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын, олардың орындалуын бақылауды және жұмыстарды жүргізу процесінде қадағалауды қамтамасыз етуді қамтамасыз ету;

15.1.5. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды жүргізуді, сондай-ақ өзіне сеніп





тапсырылған жұмыс учаскесінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті ұйымдастыру-техникалық шараларды қамтамасыз ету;

15.1.6. жұмыс орындарында кез келген тәуекелдерді болдырмау жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз ету;

15.1.7. Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарында белгіленген нормаларға сәйкес өз қызметкерлеріне қажетті санитариялық-гигиеналық жағдайлар жасауды қамтамасыз ету, оларды жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнайы киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз ету, оларды профилактикалық өңдеу құралдарымен, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, медициналық қобдишамен, сүтпен, емдік-профилактикалық тағаммен жабдықтау;

15.1.8. Тапсырыс берушінің объектілерінде авариялық жағдайдың дамуын және жарақаттайтын факторлардың басқа адамдарға әсерін болғызбау жөнінде шұғыл шаралар қабылдауды қамтамасыз ету;

15.1.9. жұмыстарды өндірістік және өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ Тапсырыс беруші қабылдаған және кіріспе нұсқамалар жүргізу кезінде мердігерге жеткізілген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндетті талаптарды ескере отырып, жобалау құжаттамасына, технологиялық регламенттерге сәйкес орындау;

15.1.10. қоршаған ортаға оның кінәсінен болған теріс әсердің салдарларын жоюды жүргізу;

15.1.11. жұмыстарды орындау кезінде орын алған Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасы бұзылған барлық жағдайларда Тапсырыс берушіні олар анықталған кезден бастап 2 (екі) сағат ішінде хабардар етуге міндетті.

15.1.12. өрт оның кінәсінен туындаған жағдайда, өртті сөндіруге, мүлктік (материалдық) залалды өтеуге байланысты барлық шығыстарды өзіне алу;

15.1.13. Тапсырыс берушінің талабы бойынша "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ деректерін басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесіне мәліметтер енгізу мақсатында мынадай ақпарат ұсынсын: - Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыстар (қызметтер көрсету) үшін тартылатын жұмыскерлердің саны; - Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыстар (қызметтер көрсету) үшін тартылатын жұмыскерлердің жұмыс істеген жұмыс уақытының саны; - Тапсырыс берушінің өткен жұмыскерлерінің саны бойынша оқыту; - еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларға жұмсалған қаражаттың жалпы сомасы; - жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытуға жұмсаған сағаттарының саны; - өндіріспен байланысты және байланысты емес жазатайым оқиғалардың саны, оларда зардап шеккендердің саны және зардап шеккендердің жұмыс өтілі; - Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмысқа тарту (қызметтер көрсету) кезінде жазатайым оқиғаларға байланысты мердігер жұмыскерлеріне сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы; - тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге (қызметтер көрсетуге) тартылған кездегі жазатайым оқиғалардың Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыстар (қызметтер көрсету) үшін тартылатын мердігер жұмыскерлерінің еңбекке қабілеттілігін жоғалтпай медициналық көмекке жүгіну жағдайлары туралы; - Тапсырыс берушінің объектілеріндегі жұмыстарға (қызметтер көрсетуге) тартылатын мердігердің автотехникасының жалпы саны, олардың жалпы жүрісі; - Тапсырыс берушінің объектілеріндегі жұмыстарға (қызметтер көрсетуге) тартылатын мердігердің автотехникасының қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының саны; - Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы бақылаушы органдар анықтаған бұзушылықтардың саны;

15.1.14. Жұмыстарға шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі – шетелдік қызметкерлер) тартылған жағдайда, мердігер тиісті уәкілетті органдар берген, олардың Қазақстан Республикасының аумағында болуына және еңбек қызметін жүзеге асыруына рұқсат ететін құжаттардың болуын қамтамасыз етуге тиіс. Қазақстан Республикасының аумағында болуға және еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат беретін қажетті құжаттар болмаған кезде шетелдік жұмыскерлер Тапсырыс беруші объектілерінің аумағына жіберілмейді.

15.2. Мердігердің қосымша міндеттері:

15.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мердігердің жұмыстарды орындау процесін тоқтата тұруына тыйым салынады.

15.2.2. Жұмыстарды орындау үшін тартылған персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары туындаған жағдайда мердігер өз ұйымының бірінші басшысының осындай жағдайларға байланысты кез келген мәселелерді реттеу жөніндегі іс-шараларға тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

